

# С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

## Amanzholov University-дің ғылыми жетістіктері, 2024 жыл

### ШҚУ ПЕДАГОГТЕРІ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПKE ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕШЕНДІ ӘДІСТЕМЕСІНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ АЛДЫ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ базасында үшінші жыл «Dana bala» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығы жұмыс істеп келеді. Бұған дейін ЖОО бастауыш білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия алған. Орталық педагогтері әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту және дамытудың жаңа инновациялық әдістерін құрастыруда.

[Толығырақ](#)

### ШҚУ-ДА ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚ БӨЛШЕКТЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



С.Аманжолов атындағы ШҚУ-да тау-кен металлургиялық жабдықтың болат бөлшектерін диффузиялық термоциклді электролитті-плазмалық борирлеу әдісін әзірлеуге бағытталған жоба жүзеге асырылуда. Ғылыми бағдарламаның мақсаты — бөлшектердің тозуға төзімділігін және өнімділігін арттыру.

[Толығырақ](#)

### ҚР ҒЖБМ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ШҚУ-ҒА КЕЛДІ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ-ға Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова келді. Оның айтуынша, ШҚО — ға сапарының негізгі мақсаты — су проблемаларын шешу және алдын алу үшін өңір ғалымдарының жұмысын зерделеу және талдау.

[Толығырақ](#)


### ШҚУ-ДА ОҚУШЫЛАР ҒЫЛЫМЫ ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ



Шала туған нәрестелерге арналған ойыншықтар мен киімдер, портативті ағаш күйдіргіш, бірегей биотыңайтқыш, жол қауіпсіздігіне арналған баланың моделі – бұл дәстүрлі мектеп оқушыларының ғылым фестивалінде ұсынылған жобалардың аз ғана бөлігі. Жыл сайын С.Аманжолов атындағы ШҚУ ұйымдастыратын үш күндік фестивальде биыл өңірдің түкпір-түкпірінен келген оқушылар 67 ғылыми жоба ұсынбақ.

[Толығырақ](#)

### ШҚУ МАГИСТРАНТІ ЕЖЕЛГІ ӘДІС БОЙЫНША САБЫН ЖАСАУДЫ ҚОЛҒА АЛҒАН



Оқу орынының химик магистранті Жандос Сағдоллин бактерияға қарсы бірегей қасиеті бар табиғи эко сабын жасау жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыс істеуде.

Ғылыми бағдарлама бір жылдық шөптесін өсімдік негізінде табиғи сабын жасауды көздейді.

[Толығырақ](#)

### ШҚУ NATIONAL H-INDEX RANKING – 2024 РЕЙТИНГІНДЕ ЖЕТЕКШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ



С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті National H-index Ranking – 2024 рейтингінде ғылыми әлеуеті жоғары ЖОО-лар тобының көшбасшысы атанды. Бүгінгі таңда С.Аманжолов атындағы ШҚУ рейтинг бойынша 100-діктің ішінде 36-шы орында.

[Толығырақ](#)

## С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

# Amanzholov University-дің ғылыми жетістіктері, 2024 ЖЫЛ

### ШҚУ-ДЫҢ ЖАС ҒАЛЫМДАРЫ JASTAR TIME ІТ-ЖОБАЛАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КӨРМЕСІНДЕ ГРАН-ПРИ ИЕЛЕНДІ



Қажымұқан атындағы жекпе-жек сарайының алаңында оқушылар мен студенттер цифрлық саладағы өздерінің авторлық әзірлемелерін таныстырды. Кураторларының жетекшілігімен ауқымды шарада қатысушылар жалпы саны 90-нан аса жобаны таныстырды. Жоба қорғау «MAKER FEST», «JUNIOR SKILLS», «ROBOTIME» және «CLUSTER PRO» атты төрт секторға бөлінді

[Толығырақ](#)

### «ДАНА БАЛА» ОРТАЛЫҒЫНДА ЛОГОПЕДТЕРГЕ АРНАЛҒАН БІРЕГЕЙ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҚ ӘЗІРЛЕНДІ



«Дана бала» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығының басшысы Алима Алипова атап өткендей, Amanzholov University жобасы аясында «LOGO Қоржын» әзірленді, ол қазақтың кәдімгі қоржыны сияқты екі бөліктен тұрады. Бір бөлігі диагностикалық, екіншісі түзетуге арналған. Оған оқулықтар, дидактикалық материалдар және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтар енген

[Толығырақ](#)

### AMANZHOLOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫ ДЕФЕКТОЛОГҚА АРНАЛҒАН ИНТЕРАКТИВТІ ҮСТЕЛ ҚҰРАСТЫРДЫ



Инновациялық үстел сөйлеуде қиындықтары бар, тілі кеш шыққан балаларға көмектесетін заманауи құралдармен жабдықталған. Оның басты артықшылығы — қазақ тіліндегі авторлық логопедиялық әзірлемелер мен түзету әдістемелерінің болуында.

[Толығырақ](#)

### AMANZHOLOV UNIVERSITY СТУДЕНТТЕРІ ТАСҚЫН ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ ЖИНАЙТЫН ГИДРОБЕКЕТ ОЙЛАП ТАПТЫ



Судың физикалық және химиялық көрсеткіштерін үздіксіз өлшеуге арналған интеллектуалды онлайн гидро бекет су ресурстарының көлемі мен сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Ол су деңгейінің жоғарылауы мен төмендеуін бақылайды. Сондай-ақ температураны, мөлдірлігін және ағын жылдамдығын анықтайды.

[Толығырақ](#)


### SHYGYS-BASTAU, COWORKING, ITHUB: С. АМАНЖОЛОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР АШЫЛДЫ



С. Аманжолов университетінде физика, биология және химия кабинеттері ашылды. Студенттердің тәжірибелік сабақтарын өткізуге арналған кабинеттер озық құрал-жабдықтармен жабдықталған. «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы аясында дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғарғы білім комитеті үш пәндік кабинетті жабдықтауға ат салысты.

[Толығырақ](#)

### AMANZHOLOV UNIVERSITY-ДІҢ ҒАЛЫМЫ «ЖАС ҒАЛЫМ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың жас ғалымдарының екі жобасы «Жас ғалым» бағдарламасы аясында гранттық қаржыландыруды жеңіп алды. Жалпы грант сомасы шамамен 60 000 000 теңгені құрайды.

[Толығырақ](#)